

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



Загаторова С.Б.
Ильясова А.У.
Агапова М.С.

**6B02307 – «Аударма ісі» білім беру
бағдарламасы бойынша дипломдық
жұмыстарды ұйымдастыру
және орындау жөніндегі
әдістемелік нұсқаулар**



Астана, 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ

ШЕТ ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ АУДАРМА ІСІ КАФЕДРАСЫ

С.Б. Загатова
А.У. Ильясова
М.С. Агапова

6В02307 – «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы
бойынша дипломдық жұмыстарды ұйымдастыру және
орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар

Астана – 2025

УДК 81'25
ББК Ш 141.1

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен ұсынылған (2025 жылы 25 мамыр, хаттама №10).

Пікір берушілер:

Қоңышева Н.М., филология ғылымдарының кандидаты,
А.Қ. Құсайынов атындағы ЕАГИ қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының доценті.

Мейрамова С.А., педагогика ғылымдарының кандидаты,
профессор, А.Қ.Құсайынов атындағы ЕАГИ.

С.Б. Загатова, А.У. Ильясова, М.С. Агапова
БВ02307 – «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы бойынша дипломдық жұмыстарды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар. - Астана: «Ахтаев У.Е.» ЖҚ, 2025.
– 36 б.

Осы әдістемелік нұсқаулар «Аударма ісі» білім беру бағдарламасының студенттеріне арналған және дипломдық жұмыстарды дайындау, жазу және қорғау бойынша ұсыныстарды қамтиды. Зерттеудің негізгі кезеңдері, жұмыстың құрылымы мен ресімделуіне қойылатын талаптар, сондай-ақ ғылыми жетекшілік қағидаттары мен бағалау критерийлері баяндалған. Әдістемелік нұсқаулар студенттердің өз бетінше ғылыми қызмет дағдыларын және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

© А.Қ. Құсайынов атындағы ЕАГИ, 2025
© Загатова С.Б., Ильясова А.У.,
Агапова М.С., 2025

«А.Қ. ҚУСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТ» ЖЕМ-
ҚИ
КІТАПХАНА

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1. Дипломдық жұмысты орындаудың мақсаттары мен міндеттері.....	6
2 Дипломдық жұмысты жазудың кезеңдері мен әдістемесі.....	9
3 Дипломдық жұмыстың мазмұнына, құрылымына, көлеміне және ресімделуіне қойылатын талаптар.....	18
4 «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы бойынша дипломдық жұмыстардың үлгі тақырыптары.....	29
Қосымшалар.....	33

Кіріспе

Дипломдық жұмыс 6B02307 – «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің оқуын аяқтаудың соңғы кезеңі болып табылады және түпкілікті аттестацияның бір түрі ретінде қарастырылады. Ол өз бетінше жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмысы түрінде орындалады және аударма теориясының жалпы немесе жеке мәселелерінің біріне арналған өзекті мәселелерді зерттеуге бағытталған. Дипломдық жұмыс түлектің кәсіби дайындық деңгейін, аударма мәселелерін өз бетінше шешу қабілетін, алған білім мен дағдыларын зерттеу қызметінде қолдана білуін, сондай-ақ аударма тәжірибесін жетілдіру жолдарын ұсыну қабілетін көрсетеді.

Дипломдық жұмысты орындаудың негізгі мақсаты

- студенттің күрделі аударма құбылыстарын талдау, теориялық және практикалық зерттеулер жүргізу, заманауи аударма әдістері мен құралдарын, соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану қабілетін көрсету.

Дипломдық жұмыс келесі міндеттерді орындайды:

- оқу барысында меңгерілген пәндер бойынша теориялық білімді жүйелеу және тереңдету;
- әртүрлі жанрдағы мәтіндерді аудару және талдау бойынша практикалық дағдыларды дамыту;
- аударма және мәдениетаралық коммуникация саласындағы ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- ауызша және жазбаша аудармаларды орындау, редакциялау және локализациялаумен байланысты кәсіби қызметке дайындық.

Зерттеудің өзектілігі дипломдық жұмыс аясында қазіргі заманның сын-қатерлерімен анықталады, олар: жаһандану, технологиялардың дамуы, мәдениетаралық коммуникация, аударма процесіне жасанды интеллекттің

интеграциясы және аударма қызметтерінің сапасына қойылатын талаптардың артуы.

Зерттеудің әдіснамалық негізі

Дипломдық жұмысты орындау үшін аударманың саласындағы заманауи тәсілдер қолданылады, оларға мыналар жатады:

- түпнұсқа мен аударманы салыстырмалы талдау;
- аударма шешімдерін когнитивтік талдау;
- аударма ерекшеліктерін анықтауға бағытталған стилистикалық және лексикалық талдау;
- корпуслық зерттеулерді және автоматтандырылған аударма жүйелері (CAT tools) сияқты кәсіби аударма құралдарын қолдану.

Зерттеудің әдіснамалық аппараты мыналарды қамтиды:

1. Аударма міндеттерін шешуге бағытталған зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу қағидағтары.
2. Зерттеу стратегиясын анықтау: тақырыпты тандау, мәселені қою, зерттеу объектісі мен пәнін анықтау.
3. Зерттеу міндеттерін шешу үшін қолданылатын талдау және синтез әдістері, оның ішінде статистикалық, салыстырмалы және трансформациялық талдаулар.
4. Аударма мен мәтін талдаудың жекелеген кезеңдерін автоматтандыру үшін жасанды интеллект технологияларын интеграциялау.

1. ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Дипломдық жұмыс бакалавриат бағдарламасын аяқтайтын түлектердің түпкілікті аттестациясының бір түрі болып табылады және студенттердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін, ғылыми-зерттеу қызметіне қабілеттілігін, сондай-ақ кәсіби саладағы қолданбалы міндеттерді шешуге дайындығын тексеруге бағытталған.

Дипломдық жұмысқа қойылатын талаптар:

Дипломдық жұмыс келесі критерийлерге сәйкес болуы керек:

- Зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығын көрсететін нақты мақсатты бағыттылық.
- Құрылымның логикалығы және материалды баяндаудың дәйектілігі.
- Зерттелетін мәселенің терең талдауы және мәселелерді толық ашу.
- Аргументтердің сенімділігі және алынған қорытындылар мен ұсыныстардың негізділігі.
- Тұжырымдардың қысқалығы мен дәлдігі.
- Зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Дипломдық жұмыстың мақсаттары:

1. Білімді жүйелеу және бекіту: Оқу барысында алынған теориялық білімді тереңдету және практикалық дағдыларды дамыту.
2. Ғылыми ойлауды дамыту: Өз бетінше талдау, деректерді интерпретациялау және зерттеу міндеттерін шешу дағдыларын қалыптастыру.

3. Зерттеу әдіснамасын меңгеру: Ғылыми мәселелерді зерттеу және талдау үшін заманауи әдістер мен құралдарды қолдану.

4. Ғылыми мәдениет деңгейін арттыру: Ғылыми жазбаша сөйлеу, логикалық баяндау және зерттеу нәтижелерін ресімдеу дағдыларын жетілдіру.

5. Ғылыми қызметке ынталандыру: Зерттеу жұмысына қызығушылықты дамытуға және түлектің кәсіби құзыреттілігін нығайтуға ықпал ету.

Дипломдық жұмысты орындаудың міндеттері:

Жоғарыда аталған мақсаттарға жету үшін студент келесі міндеттерді орындайды:

- Білім беру бағдарламасына сәйкес келетін өзекті және маңызды зерттеу тақырыбын таңдау.
- Зерттеу тақырыбына қатысты отандық және шетелдік басылымдарды қамтитын ғылыми әдебиеттерді зерттеу.
- Бар білім мен деректерді талдау және жүйелеу.
- Эмпирикалық материалды іріктеу және өңдеу, сондай-ақ заманауи талдау әдістерін қолдана отырып, оны интерпретациялау.
- Зерттеу концепциясын әзірлеу, гипотезаны негіздеу және әдіснаманы таңдау.
- Теориялық және практикалық маңыздылықты ескере отырып, нәтижелерді қорытындылау және қорытындыларды тұжырымдау.

Дипломдық жұмыстың ғылыми жетекшілігі

Дипломдық жұмыстың ғылыми жетекшілігі белгіленген рәсімдер аясында жүзеге асырылады. Ғылыми жетекшілер кафедраның ұсынысы негізінде ректордың бұйрығымен тағайындалады. Ғылыми жетекшілер академиялық дәрежесі және ғылыми-зерттеу қызметінде айтарлықтай тәжірибесі бар оқытушылар болуы мүмкін.

Ғылыми жетекшінің функциялары:

Ғылыми жетекші келесі функцияларды орындайды:

1. Студентпен бірге дипломдық жұмыстың тақырыбын анықтайды және орындауға тапсырма береді.
2. Жұмысты орындаудың барлық кезеңдерінде, соның ішінде күнтізбелік кестені құруда студентке кеңес береді.
3. Зерттеуді орындау үшін қажетті ғылыми әдебиеттерді, анықтамалық материалдарды және басқа ресурстарды ұсынады.
4. Кестенің орындалуын үнемі бақылауды жүзеге асырады және жұмыстың барлық бөлімдерін дайындау процесін үйлестіреді.
5. Дипломдық жұмыстың мазмұны мен ресімделу сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік жетекшілікті жүзеге асырады.

Кафедраның ролі:

Кафедра дипломдық жұмыстарды дайындауды ұйымдастыруға жауапты үйлестіру орталығы ретінде функцияларды орындайды:

- дипломдық зерттеулердің тақырыптарын бекітеді және ғылыми жетекшілерді тағайындайды;
- аралық нәтижелерді ұсыну кестесі мен тәртібін белгілейді;
- жұмыстың әр кезеңдегі дайындық дәрежесін бағалайды.

Студенттің міндеттері:

Студент міндетті:

- жұмысты орындаудың белгіленген мерзімдерін сақтауға;
- кестеге сәйкес ғылыми жетекшіге орындалған бөлімдерді ұсынуға;
- ғылыми жетекшінің ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес түзетулерді уақтылы енгізуге.

Ғылыми жетекшіліктің қосымша аспектілері

Қажет болған жағдайда кафедра жұмыстың жеке бөлімдеріндегі арнайы мамандандырылған міндеттерді шешу үшін қосымша кеңесшілерді тартуға құқылы.

Дипломдық жұмыстардың тақырыптары жыл сайын кемінде 30%-ға жаңартылады. Студенттер тақырыптың өзектілігі мен ғылыми негізділігі шартымен өз зерттеу тақырыбын ұсынуға құқылы.

Дипломдық жұмыс білім беру бағдарламасын аяқтаудың маңызды кезеңі болып табылады, ол түлектің кәсіби қызметке дайындық деңгейін және заманауи еңбек нарығы талаптарына сәйкес зерттеу міндеттерін шешу қабілетін көрсетеді.

2. ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ ЖАЗУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Дипломдық жұмысты жазу келесі кезеңдерді қамтиды:

- дипломдық жұмыстың тақырыбын тандау және оны бітіруші кафедрада бекіту;
- зерттеу тақырыбы бойынша жұмысты жоспарлау;
- ғылыми зерттеу жүргізу әдістерін анықтау;
- таңдалған тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді зерттеу және талдау;
- ғылыми зерттеу жүргізу және оның нәтижелерін қорытындылау.

2.1 Дипломдық жұмыстың тақырыбын тандау және оны бітіруші кафедрада бекіту

Дипломдық жұмысты орындаудың бірінші кезеңі студенттің ғылыми қызығушылықтары мен білім беру

бағдарламасының өзекті бағыттарына негізделген зерттеу саласын таңдауды және жұмыстың тақырыбын тұжырымдауды көздейді.

Дипломдық жұмыстардың тақырыптары:

- өзекті болуы, ғылым мен практиканың қазіргі даму бағыттарына сәйкес келуі;
- білім беру бағдарламасының ерекшеліктерін көрсетуі;
- жұмыс берушілердің сұраныстары мен еңбек нарығының қажеттіліктерін ескеруі;
- студенттердің кәсіби және зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Дипломдық жұмыстың тақырыбын студент кафедра бекіткен тақырыптар тізімінен таңдайды. Бұл тізім білім беру бағдарламасының қазіргі тенденциялары мен талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін жыл сайын кемінде 30%-ға жаңартылады.

Дипломдық жұмыстардың тақырыптары кафедрада әзірленеді, талқыланады және институттың Ғылыми кеңесінің отырысында бекітіледі. Нақты дипломдық жұмыстың тақырыбын бекіту туралы шешім ғылыми жетекшінің оның мақсаттары, міндеттері, өзектілігі және болжамды нәтижелері туралы қысқаша ақпарат ұсынғаннан кейін қабылданады.

Тақырыпты таңдау және бекіту рәсімі:

1. Кафедра оқу жылының басында ұсынылған тақырыптар тізімін әзірлейді және бекітеді.
2. Студенттер ұсынылған тізімнен тақырыпты таңдайды және оны ғылыми жетекшімен келіседі.
3. Егер студент өз тақырыбын ұсынғысы келсе, ол кафедраға тақырыптың өзектілігін, ғылыми маңыздылығын және білім беру бағдарламасына сәйкестігін егжей-тегжейлі негіздеуі керек.

4. Студенттер ұсынған тақырыптар кафедра отырысында талқыланады және мақұлданған жағдайда жалпы тізімге енгізіледі.

5. Дипломдық жұмыстың тақырыбын бекіту дипломдық жұмысты орындауға арналған жеке тапсырмада тіркеледі, оған ғылыми жетекші, кафедра меңгерушісі және студент қол қояды.

Қосымша талаптар:

- Дипломдық жұмыстардың тақырыптары түлектің біліктілік сипаттамаларына сәйкес болуы және кәсіби міндеттерді шешуге бағытталуы керек.

- Орындалатын жұмыстар студенттің өз бетінше талдау, сыни ойлау және заманауи зерттеу әдістерін қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етуі тиіс.

- Дипломдық жұмыстың жоғары деңгейде орындалуын қамтамасыз ету үшін студенттерге отандық және шетелдік дереккөздерге, соның ішінде халықаралық ғылыми деректер базаларынан алынған басылымдарға сүйену ұсынылады.

Өзекті тақырыпты таңдау және оны бекіту дипломдық жұмысты дайындаудың негізгі кезеңі болып табылады, ол зерттеудің сәтті орындалуын және кәсіби стандарттарға сәйкестігін анықтайды.

2.2 Зерттеу тақырыбы бойынша жұмысты жоспарлау

Дипломдық тақырып бойынша жұмысты жоспарлау зерттеудің дәйектілігін, құрылымдылығын және тиімділігін қамтамасыз ететін манызды кезең болып табылады. Жұмыс жоспарының негізгі кезеңдері уақыт бойынша бөлінеді және мыналарды қамтиды:

- ғылыми материалдарды жинау, оларды сыни талдау, жүйелеу және қорытындылау;

- дипломдық жұмыстың бөлімдерінің логикалық дәйектілігін қарастыратын жоспарын әзірлеу және бекіту;
- бекітілген жоспарға сәйкес жұмысты кезең-кезеңмен жазу;
- ғылыми талдау, эксперименттер немесе басқа зерттеу қызметтерін жүргізу;
- дипломдық жұмыстың жобалық және түпкілікті нұсқаларын дайындау;
- алынған теориялық қорытындыларды апробациялау, оларды практикалық қолдану немесе ұсынылған шешімдерді тестілеу.

Дипломдық жұмысты орындаудың күнтізбелік кестесін студент ғылыми жетекшімен бірге әзірлейді, ол оның сақталуын бақылайды. Кесте зерттеудің көлемін, міндеттердің күрделілігін және аралық есеп беру мерзімдерін ескеруі керек.

Дипломдық жұмысты орындауды жоспарлау пәнаралық тәсілге сүйенуі, қазіргі ғылыми тенденцияларды көрсетуі және теориялық және практикалық маңызы бар нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы тиіс.

2.3 Зерттеу жүргізу әдістерін анықтау

Дипломдық жұмыстың әдіснамасы маңызды ғылыми нәтижелер алуға бағытталған және қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келетін заманауи зерттеу әдістерін қолдануды қамтиды.

Дипломдық жұмыс ғылыми зерттеу жүргізу нәтижесінде маңызды ғылыми нәтиже алуға бағытталған және мынадай ғылыми зерттеу әдістерін белсенді қолдануды қамтиды:

- таңдалған тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді зерттеу әдісі;
- бақылау және талдау әдісі;

- статистикалық әдіс.

Әдісті таңдау жұмыстың мақсаттары мен міндеттеріне, зерттеушінің иелігіндегі құралдар арсеналына және орындаушылардың ғылыми бейімділігіне байланысты анықталады. Автор таңдалған ғылыми талдау әдістерін негіздеп, оларды зерттеу процесінде қолдана білуі керек.

Лингвистикалық және аудармағанушылық зерттеулердің әдістері ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу үшін қажетті практикалық құралдар жиынтығын білдіреді және ғылыми ізденістердің әдіснамасының құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл бөлімде қойылған міндеттерді шешу үшін қолданылатын барлық негізгі және қосалқы әдістер тізбеленеді.

Негізгі ғылыми зерттеу әдістері:

1. Әдебиеттерді зерттеу әдісі: тақырып бойынша теориялық зерттеулер мен эмпирикалық деректерді қамтитын отандық және шетелдік басылымдарды сыни талдау.
2. Бақылау және талдау әдісі: зерттелетін құбылыстарды жүйелі бақылау және оларды интерпретациялау.
3. Анкеталау және сауалнамалар: зерттелетін процестердің ерекшеліктерін анықтау үшін респонденттерден бастапқы ақпарат жинау.
4. Эксперимент: гипотезаны сенімді нәтижелер алуға мүмкіндік беретін әдістерді қолдана отырып, практикалық тестілеу.
5. Тестілеу: зерттеуге қатысушылардың білімін, дағдыларын немесе басқа параметрлерін бағалау.
6. Статистикалық талдау: математикалық әдістерді қолдана отырып, деректерді өңдеу және интерпретациялау.
7. Аудармағанушылық талдау әдістері: компоненттік талдау, тікелей құраушылар әдісі, контекстік талдау сияқты мамандандырылған тәсілдерді қолдану.

Қосымша қолданылатын әдістер:

- Сипаттау әдісі: құбылыстарды егжей-тегжейлі баяндау және талдау.
- Толық іріктеу әдісі: зерттелегін тақырып бойынша барлық деректерді жүйелі іріктеу.
- Лингвостилистикалық әдіс: мәтіндердің стилистикалық ерекшеліктерін зерттеу.
- Салыстырмалы және салғастырмалы әдістер: құбылыстарды ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау арқылы талдау.

Әдістерді таңдауды негіздеу:

Зерттеу әдістерін таңдау мыналармен анықталады:

- дипломдық жұмыстың мақсаттары мен міндеттері;
- зерттеу объектісі мен пәнінің ерекшелігі;
- қажетті ресурстар мен деректердің қолжетімділігі;
- зерттеушінің кәсіби дағдылары мен қалауы.

Зерттеудің әдіснамасы дипломдық жұмыстың мәтінінде негізделуі керек, онда нақты тәсілдерді таңдаудың себептері, олардың артықшылықтары мен шектеулері көрсетіледі.

Дипломдық жұмыстағы зерттеу әдістері білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес болуы және дайындық бағытының ерекшеліктерін ескеруі керек. Теориялық және практикалық әдістердің жиынтығын қамтитын кешенді тәсілді қолдану ең толық және сенімді нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді.

2.4 Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді зерттеу

Ғылыми әдебиеттерді зерттеу дипломдық жұмысты дайындаудың негізін қалайтын маңызды кезеңдердің бірі болып табылады және одан әрі зерттеуге негіз болады. Бұл

процесс студентке таңдалған тақырыптың зерттелу деңгейін бағалауға, оның өзектілігін анықтауға және ғылыми жаңалығын айқындауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттерді зерттеу студенттің мынадай міндеттерді орындауын талап етеді:

- таңдалған тақырып аясындағы заманауи теориялық және эмпирикалық зерттеулермен танысу;
- қолданыста бар ғылыми тәсілдер мен тұжырымдамаларды сыни тұрғыдан қарастыру;
- жеткіліксіз зерттелген аспектілерді анықтау және өз талдауы үшін бағыттарды айқындау.

Әдебиеттермен жұмыс дипломдық жұмыстың тақырыбы бекітілгеннен кейін бірден басталады және мыналарды қамтиды:

1. Білім беру бағдарламасында ұсынылған міндетті әдебиеттерді, оның ішінде оқулықтарды, монографияларды, мақалаларды және басқа басылымдарды зерттеу.
2. Мамандандырылған журналдар, шетелдік зерттеулер, анықтамалық материалдар және электрондық ресурстар сияқты қосымша дереккөздерді талдау.
3. Зерттелегін мәселенің әртүрлі аспектітерін толық көрсететін 35–45 негізгі дереккөзден құралған библиографиялық базаны қалыптастыру.

Әдебиеттермен жұмыс кезінде сыни талдауға ерекше назар аударылуы керек. Дереккөздермен жұмыс істегенде олардың сенімділігін бағалау, басылымдардың контекстін ескеру, әртүрлі көзқарастарды салыстыру және өз пікірін негізделген түрде қалыптастыру қажет.

Жиналған материалды жүйелеу үшін кестелер, схемалар немесе сілтемелерді басқару бағдарламаларын қолдану ұсынылады. Пайдаланылған дереккөздер тізімі зерттеу саласындағы заманауи жетістіктерді бейнелеуі

және отандық, сондай-ақ шетелдік басылымдарды қамтуы маңызды.

2.5 Ғылыми зерттеу жүргізу

Ғылыми зерттеу дипломдық жұмысты орындаудың орталық кезеңі болып табылады және маңызды теориялық және практикалық нәтижелер алуға бағытталған. Бұл процесс мыналарды қамтиды:

- библиографиялық дереккөздерден алынған деректерді сыни талдау және жүйелеу;
- өз бетінше бақылаулар, эксперименттер немесе сауалнамалар жүргізу;
- зерттелген материалдарға негізделген жеке тұжырымдаманы әзірлеу;
- жүргізілген талдаудың тереңдігі мен толықтығын көрсететін қорытындыларды қалыптастыру.

Қойылған мақсаттарға жету үшін студент дипломдық жұмыстың міндеттеріне сәйкес келетін зерттеу әдістерін таңдауы керек. Зерттеу нәтижелері кәсіби қызметте практикалық қолданылуы мүмкін етіп ұйымдастырылуы тиіс.

Академиялық саясатқа сәйкес, ғылыми адалдыққа, академиялық этика нормаларын сақтауға және студенттің зерттеулерді өз бетінше жүргізуіне ерекше назар аударылады.

2.6 Зерттеу нәтижелерін қорытындылау

Нәтижелерді қорытындылау зерттеудің соңғы кезеңі болып табылады және орындалған дипломдық жұмыстың сапасы мен маңыздылығын анықтайды. Деректердің қорытындылану және жүйелену дәрежесі студенттің кәсіби

дайындық деңгейі мен ғылыми қызметке қабілеттілігін көрсетеді.

Қорытындылау процесі мыналарды қамтиды:

1. Жұмыстың әр бөлімі бойынша жүргізілген талдау негізінде тұжырымдалған қорытындылар.
2. Нәтижелерді схемалар, кестелер, диаграммалар немесе басқа графикалық пішіндер түрінде ұсыну.
3. Нәтижелердің теориялық және практикалық контекстағы маңыздылығын негіздейтін қорытындыны қалыптастыру.

Қорытындылау барысында студент мынадай қабілеттерді көрсетуі керек:

- Алынған деректерді зерттеудің мақсаттары мен міндеттерімен логикалық байланыстыру;
- Олардың ғылым мен практика үшін маңыздылығын бағалау;
- Нәтижелерді кәсіби қызметте қолдану бойынша ұсыныстар беру.

Дипломдық жұмыстың нәтижесі практикалық құндылығы бар және одан әрі ғылыми зерттеулерде немесе кәсіби міндеттерді шешу үшін қолданылуы мүмкін негізделген қорытындылар болуы керек.

Нәтижелерді қорытындылау орындалған жұмыстың қорытындысын шығаруға ғана емес, сонымен қатар оның кәсіби және ғылыми салада қолдану әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді, бұл білім беру бағдарламасының негізгі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

3. ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МАЗМҰНЫНА, ҚҰРЫЛЫМЫНА, КӨЛЕМІНЕ ЖӘНЕ РЕСІМДЕЛУІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Дипломдық жұмыс жоғары оқу орнының түлек студенті білім беру бағдарламасы аясында орындайтын өзіндік ғылыми зерттеу болып табылады. Дипломдық жұмыс талаптарға сәйкес ресімделуі және ғылыми және кәсіби маңызы бар теориялық және практикалық нәтижелерді қамтуы керек.

3.1 Дипломдық жұмыстың мазмұны мен құрылымы

Дипломдық жұмыс келесі құрылымдық элементтерді қамтиды:

- мұқаба;
- титул парағы;
- дипломдық жұмысты орындауға арналған тапсырма;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды (тұжырымдар);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар (қажет болған жағдайда).

Мұқаба

Мұқабада мыналар көрсетілуі керек:

- дипломдық жұмыс орындалған ұйымның атауы;
- студенттің тегі және инициалдары;
- дипломдық жұмыстың тақырыбының атауы;
- жұмыстың түрі (дипломдық жұмыс);
- білім беру бағдарламасының коды және атауы;
- орындалған қала және жыл.

Титул парағы

Титул парағы дипломдық жұмыстың бірінші беті болып табылады және мыналарды қамтиды:

- жоғары оқу орнының атауы;
- жұмыстың түрі (дипломдық жұмыс);
- «тақырыбы» деген сөзбен бірге тақырыптың атауы;
- білім беру бағдарламасының коды және атауы;
- студенттің тегі және инициалдары (сол жақта: «орындаған», оң жақта: Т.А.Ә.);
- ғылыми жетекшінің тегі, инициалдары, ғылыми дәрежесі және атағы;
- орындалған қала және жыл.

Мазмұны

Мазмұнда жұмыстың барлық бөлімдері мен ішкі бөлімдерінің атаулары және олар басталатын беттердің нөмірлері көрсетілуі керек. Кіріспе, тараулар, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар енгізіледі.

Кіріспе

Кіріспеде мыналар қажет:

- зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеу;
- ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын анықтау;
- мәселенің қазіргі жағдайын сипаттау;
- зерттеудің мақсатын, міндеттерін, объектісі мен пәнін тұжырымдау;
- теориялық және әдіснамалық базаны көрсету;
- зерттеудің практикалық негізін белгілеу.

Кіріспенің көлемі 2-3 бетті құрайды.

Негізгі бөлім

Негізгі бөлім екі негізгі бөлікке бөлінеді: теориялық және зерттеушілік.

1. Теориялық бөлім:

- о тақырып бойынша әдебиеттерді сыни талдау;
- о таңдалған тәсілдің өзектілігі мен жаңалығын негіздеу;
- о зерттелетін құбылыстың ұғымдары мен мәнін ашу;
- о лингвистика және оқыту әдістемесі саласындағы заманауи жетістіктерді меңгергенін көрсету.

2. Зерттеушілік бөлім:

- о зерттеу барысы мен әдістемесін сипаттау;
- о зерттеу нәтижелерін ұсыну;
- о ұсынылған әдістердің тиімділігін талдау;
- о қорытындылар мен әдістемелік ұсыныстар.

Қорытынды

Қорытындыда мыналар болуы керек:

- негізгі нәтижелерді қысқаша баяндау;
- қойылған міндеттердің шешілу толықтығын бағалау;
- нәтижелерді қолдану бойынша ұсыныстар;
- әрі қарай зерттеудің перспективалары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес ресімделеді. Дереккөздер туралы мәліметтер дипломдық жұмыста дереккөздерге сілтемелердің пайда болу ретіне сәйкес орналастырылады (яғни алфавиттік тәртіппен емес) және араб цифрларымен нөмірленеді. Дереккөздер түпнұсқа тілінде келтіріледі.

Мысалдар:

1. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. Учебное пособие. - М.: ЭТС. — 2002. — 424 с.
2. Загапова С.Б. Способы элиминирования лакун при переводе художественного текста // Вестник Евразийского гуманитарного института. — № 3, 2018, С.118-122.

3. Сдобников В.В. Коммуникативная ситуация как основа выбора стратегии перевода: Автореф... дис. докт. филол. наук. — Москва, 2015. — 50 с.

4. Жапарова А.Ж. Абай поэзиясындағы метафора және оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары: салыстырмалы талдау. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D020727 Аударма ісі. — Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. — Алматы, 2020. — 21 б.

5. Richards Jack C. New Interchange, Book. — Cambridge University Press. UK, 2003. — p.82.

Қосымшалар

Қосымшаларға негізгі бөлімге енбеген қосымша материалдар: сауалнамалар, кестелер, диаграммалар, фотосуреттер, әдістемелік әзірлемелер және т.б. енгізіледі.

3.2 Дипломдық жұмысты ресімдеу ережелері

Дипломдық жұмыстың көлемі

Дипломдық жұмыстың негізгі бөлігінің көлемі, әдетте, 40–45 бетті құрайды. Бұл көлемге қосымшалар, титул парағы, дипломдық жұмысты орындауға арналған тапсырма және пайдаланылған әдебиеттер тізімі кірмейді.

Мәгінді пішімдеу

Дипломдық жұмыс электрондық форматта орындалып, А4 форматты ақ қағаздың бір жағына басып шығарылады. Мәтін Times New Roman шрифтімен, 14 пункт өлшемімен, 1,5 жоларалық интервалды қолдана отырып басып шығарылады.

Бет өрістерінің өлшемдері:

- сол жақ өріс: 30 мм;
- оң жақ өріс: 10 мм;
- жоғарғы өріс: 20 мм;

- төменгі өріс: 25 мм.
Абзацтық шегініс 1,25 см құрайды.

Бөлімдер мен ішкі бөлімдер

Дипломдық жұмыс құрылымдалған және тарауларға, параграфтарға, қажет болған жағдайда тармақтарға бөлінген болуы керек. Әр тарау жаңа беттен басталуы тиіс. Бөлімдер мен ішкі бөлімдердің атаулары келесідей ресімделеді:

- Бөлімдердің тақырыптары бас әріптермен, астын сызбай және соңына нүкте қоймай жазылады.
- Ішкі бөлімдердің тақырыптары бас әріппен басталып, соңына нүкте қойылмай жазылады.
- Егер тақырып екі сөйлемнен тұрса, олар нүктемен бөлінеді.

Ресімдеу мысалы:

- 1 Тарау (Бөлім атауы)
- 1.1 Ішкі бөлім (Параграф атауы)
- 1.2
- 1.3
- 2 Тарау
- 2.1 Ішкі бөлім
- 2.2
- 2.2.1 Тармақ
- 2.2.2 Тармақ

Беттерді нөмірлеу

Беттер араб цифрларымен, нүктесіз, беттің төменгі ортасында нөмірленеді. Нөмірлеу қосымшаларды қоса алғанда, жұмыстың барлық бөлігіне өпелі түрде жүргізіледі.

Дереккөздерге сілтемелер

Дереккөздерге сілтемелер тік жақшада ресімделеді. Тек дереккөз нөмірі көрсетілгенде: [12]. Бет нөмірі көрсетілгенде: [24, б.78].

Иллюстративті материал

Иллюстрациялар (диаграммалар, графиктер, кестелер, схемалар) мәтінде айтылғаннан кейін бірден немесе келесі бетте орналастырылады. Әр иллюстрацияның нөмірі және атауы болуы керек.

Кестені ресімдеу мысалы:

Кесте 1 – Аллитерация әдісімен есімдерді аудару
(атауы кестенің үстінде орналастырылады)

Ағылшын түпнұсқа	тіліндегі	Орыс тіліне аударма
		М.Д.Литвинова
Rita Skeeter		Рита Скитер
Severus Snape		Северус Снегг
Salazar Slytherin		Салазар Слизерин
Bartemius «Barty» Crouch Sr.		Бартемиус «Барти» Крауч старший

Диаграмманы ресімдеу мысалы:




Диаграмма 3 – Стилистикалық трансформациялардың арақатынасы (атауы диаграммадан кейін орналастырылады)

Қосымшалар

Қосымшалар дипломдық жұмыстың жалғасы ретінде ресімделеді және жана беттен басталады. Әр қосымшаның тақырыбы және нөмірі болуы керек (мысалы, Қосымша 1). Қосымшалар мәтінде оларға сілтемелердің ретіне сәйкес орналастырылады.

Жалпы талаптар

- Жеке есімдер, ұйымдар мен мекемелердің атаулары түпнұсқа тілінде көрсетіледі.
 - Жұмыс академиялық адалдық нормаларын сақтай отырып орындалуы және антиплагиат тексерісінен өтуі тиіс (бірегейлік деңгейі кемінде 70%).
- Бұл талаптар дипломдық жұмыстарды ресімдеудің біркелкілігін қамтамасыз етеді, оларды оқуды және тексеруді жеңілдетеді, сонымен қатар ғылыми қызметтің жоғары сапа стандарттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

3.3 Дипломдық жұмысты қорғауға ұсыну тәртібі

Дипломдық жұмыстың алдын ала қорғалуы

Түпкілікті қорғаудан бұрын дипломдық жұмыс алдын ала қорғау рәсімінен өту үшін бітіруші кафедраға ұсынылады.

1. **Алдын ала қорғаудың мақсаты:** Алдын ала қорғаудың күні мен уақытын кафедра менгерушісі анықтайды. Алдын ала қорғау кезінде студент кемінде 75% орындалған, толық ресімделген жұмысты ұсынуы керек.

2. **Алдын ала қорғау рәсімі:** Алдын ала қорғау кафедраның ашық отырысында, студенттер, ғылыми жетекшілер және кафедра оқытушыларының қатысуымен өткізіледі. Студент зерттеудің негізгі ережелерін, соның ішінде мақсаты, міндеттерді, нәтижелерді және қорытындыларды қысқаша баяндайды және комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап береді.

3. **Алдын ала қорғау хаттамасы:** Алдын ала қорғаудың нәтижелері кафедра отырысының хаттамасында тіркеледі. Жұмыстың жеткіліксіз дайындығы анықталған жағдайда (75%-дан аз), кафедра студентті қорғауға жібермеу туралы шешім шығаруға құқылы.

Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау

Дипломдық жұмысты орындауға қойылатын талаптардың бірі – жұмысты басқа дереккөзден көшіріп алынған материалдың болуына тексеру. Дипломдық жұмыстың өз бетінше орындалуын қамтамасыз ету, академиялық адалдық қағидаттарын сақтау және дипломдық жұмыстарды орындау кезінде адал бәсекелестікті ынталандыру мақсатында «Антиплагиат» жүйесі қолданылады. Дипломдық жұмыстың өз бетінше орындалмауы плагиат болып, оқу тәртібін бұзу ретінде қарастырылады және қорғауға жіберуден бас тартуға әкеледі.

Алдын ала қорғаудан және «Антиплагиат» жүйесінен сәтті өткен, белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген дайын дипломдық жұмыс студентпен қол қойылып, ғылыми жетекшіге ұсынылады, ол дипломдық жұмысқа пікір дайындайды. Жұмыс мақұлданған жағдайда жетекші оған қол қойып, қорғауға жіберу туралы жазбаша пікірімен бірге кафедра менгерушісіне ұсынады.

Ғылыми жетекшінің пікірі

Алдын ала қорғаудан және бірегейлікке тексеруден сәтті өткеннен кейін дипломдық жұмыс жазбаша пікір дайындау үшін ғылыми жетекшіге беріледі. Ғылыми жетекшінің пікірінде мыналар көрініс табуы керек:

- зерттеудің өзектілігі мен жаңалығы;
- жұмыстың маман даярлау профиліне сәйкестік дәрежесі;
- жүргізілген зерттеудің тереңдігі мен өз бетіншелігі;

- қорытындылар мен ұсыныстардың негізділігі.

Жұмысты талдау негізінде ғылыми жетекші студентті қорғауға жіберу туралы қорытынды береді. Егер жұмыс мақұлданса, жетекші оған қол қойып, кафедра меңгерушісіне қарауға жібереді.

Кафедраның шешімі

Кафедра меңгерушісі дипломдық жұмысты, ғылыми жетекшінің пікірін және алдын ала қорғау материалдарын қарайды. Осыған байланысты қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады, ол жұмыстың титул парағында тіркеледі. Күмән туындаған немесе теріс қорытынды берілген жағдайда мәселе студент пен оның ғылыми жетекшісі қатысатын кафедра отырысында қаралады.

Дипломдық жұмысты рецензиялау

Қорғауға жіберілген дипломдық жұмыс рецензиялауға жіберіледі. Рецензент ретінде зерттеу тақырыбы сапасындағы білікті маман, жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында немесе профессорлық ұйымдарда жұмыс істейтін тұлға бола алады.

Рецензияда мыналар болуы керек:

- тақырыптың өзектілігі, жаңалығы және практикалық маңыздылығын бағалау;
- жұмыстың студенттің дайындық профилі мен біліктілігіне сәйкестігін талдау;
- зерттеудің дербестігі және қорытындысының сапалылығының сипаттамасы;
- жұмыстың аяқталу және толықтық дәрежесі.

Рецензияда студенттің дайындық деңгейіне сәйкес әріптік жүйе бойынша балдық-рейтингтік баға көрсетіледі және академиялық дәреже немесе біліктілік беру мүмкіндігі туралы қорытынды жасалады.

Түпкілікті қорғауға жіберу

Оң рецензия алынғаннан кейін дипломдық жұмыс түпкілікті қорғау үшін Мемлекеттік аттестациялық комиссияға беріледі. Жұмысты дайындау және қорғауға

ұсынудың барлық кезеңдері белгіленген стандарттарға сәйкес болуы керек, бұл студенттің ғылыми және практикалық қызмет нәтижелерін бағалаудың ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етеді.

3.4 Дипломдық жұмысты қорғау тәртібі

Қорғауға дайындық

Дипломдық жұмысты қорғауға дайындық барысында студент:

- зерттеудің негізгі ережелерін көрсете отырып, баяндама тезистерін құрастыру;
- презентация слайдтарын, диаграммаларды, графиктерді, кестелерді қамтитын көрнекі материалдарды әзірлеу;
- рецензенттің ескертулеріне және аттестациялық комиссия (АК) мүшелерінің ықтимал сұрақтарына негізделген жауаптарды ойластыру тиіс.

Презентациялық материалдардың анықтығы мен логикалығына ерекше назар аударылады, олар зерттеу нәтижелерін анығынан ұсынуға ықпал етуі тиіс.

Қорғау рәсімі

Дипломдық жұмысты қорғау аттестациялық комиссияның (АК) ашық отырысында, студенттер, бітіруші кафедра оқытушылары және қажет болған жағдайда зерттеу жүзеге асырылған ұйым өкілдерінің қатысуымен өткізіледі.

Қорғауға сондай-ақ шақырылады:

- ғылыми жетекші;
- рецензент;
- кәсіби ұйымдар немесе жұмыс берушілердің өкілдері.

Студент 15 минуттан аспайтын баяндамамен сөз сөйлейді, онда:

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен ғылыми және практикалық маңызы.
2. Жұмысқа негіз болған негізгі теориялық және методологиялық негіздер.

3. Жүргізілген эксперименттің немесе зерттелген құбылыстың талдау нәтижелері.

4. Қойылған мәселені шешу үшін нақты нұсқаулықтар мен ұсыныстар, сондай-ақ олардың практикалық қолданылуын негіздемесі.

Баяндама студенттің түпнұсқа эзирлемелері мен қорытындыларын ұсынуға бағытталуы керек, әдебиеттен алынған теориялық ережелерді қайталамауға тырысу қажет. Өз бетінше зерттеу нәтижелеріне ерекше назар аударылады.

Қорғау кезінде презентациялар, схемалар, графиктер сияқты дайындалған көрнекі материалдар қолданылады, бұл аргументацияны күшейтіп, қорытындыларды сенімді етеді.

Талқылау және сұрақтар

Баяндамадан кейін:

1. Ғылыми жетекшінің және рецензенттің пікірлері тыңдалады, олар өздерінің бағаларын және түсініктемелерін жариялайды.

2. АҚ мүшелері, рецензент, ғылыми жетекші және қатысушылар жұмыстың мазмұны мен нәтижелеріне қатысты сұрақтар қояды.

3. Студент сұрақтарға жауап береді, ескертпелерді түсіндіреді және өз тұжырымдарын қорғайды.

Дипломдық жұмысты тіркеу және сақтау

Қорғау аяқталғаннан кейін дипломдық жұмыс тіркеу үшін бітіруші кафедраға тапсырылады. Барлық қорғалған дипломдық жұмыстар мұрағатталып, жоғары оқу орнында бес жыл сақталады.

Бұл рәсім білім алушылардың білімі мен құзыреттерін бағалаудың ашықтығын, объективтілігін және жоғары стандарттарын қамтамасыз етеді.

4. «АУДАРМА ІСІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҮЛГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Аударма теориясы және аударматану саласындағы заманауи зерттеулермен байланысты тақырыптар:

1. Аудармадағы когнитивтік тәсілдер: тіл мен ойлаудың өзара әрекеттесуін талдау.
2. Мәдени айырмашылықтар жағдайында аударма адекваттілігінің мәселелері.
3. Ағылшын тілінен қазақ тіліне фразеологиялық бірліктерді аудару стратегияларын салыстырмалы талдау.
4. Көркем мәтіндердегі метафоралар мен символдарды аудару мәселелері.
5. Заң мәтіндерін аудару: негізгі қиындықтар мен оларды жеңу жолдары.
6. Ғылыми мәтіндерді аударудағы лексика-грамматикалық трансформациялар.
7. Жарнамалық мәтіндерді аудару: мазмұнды мақсатты аудиторияға бейімдеу.
8. Ағылшын-қазақ билингвалдық сөздіктердегі идиомаларды аудару ерекшеліктері.
9. Дж.Р.Р. Толкиннің көркем шығармаларын аудару әдістерін салыстырмалы талдау.
10. Аударма стратегиясын тандаудағы контекстік факторлардың рөлі.
11. Әдеби мәтіндердегі жеке есімдер мен реалийлерді аудару мәселелері.
12. Халықаралық шарттарды аударуда трансформациялық әдістерді қолдану.
13. Мәдениетаралық коммуникация ұғымдарын аудару: когнитивтік стратегияларды талдау.
14. Жаһандану жағдайында аударманың этикалық аспектілері.

15. Медициналық құжаттаманы ағылшын тіліне аудару ерекшеліктері.
16. Білім беру материалдарын аудару: мәдени ерекшеліктерге бейімдеу.
17. Жаңалықтар мәтіндерін аударуға әлеуметтік-мәдени контексттің әсері.
18. Тарихи мәтіндерді аударудағы фондық білімнің рөлі.
19. Техникалық мәтіндерді аудару: терминологиялық базаларды қолдану.
20. Балаларға арналған мәтіндердегі лексикалық лакуналарды аудару мәселелері.

Аудармада жасанды интеллектті қолданумен байланысты тақырыптар:

1. Жасанды интеллект технологияларының аударма индустриясының дамуына әсері.
2. Google Translate және DeepL көмегімен мәтіндерді аудару сапасын салыстырмалы талдау.
3. Заң құжаттарын өңдеуде машиналық аударма жүйелерін қолдану.
4. Көркем әдебиетті аударуда жасанды интеллектті қолдану перспективалары.
5. Мамандандырылған мәтіндерді аударудағы автоматтандырылған аударма жүйелерінің рөлі.
6. Ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармалар мысалында машиналық аударма қателерін талдау.
7. Аудармашының кәсіби қызметіндегі машиналық аударманы кейінгі редакциялаудың рөлі.
8. Аудиовизуалды мәтіндерді аудару үшін нейрондық желілерді қолдану перспективалары.
9. Жасанды интеллекттің автоматтандырылған терминология басқару жүйелерін дамытуға әсері.

10. Ғылыми мәтіндерді аударуда CAT құралдарын қолданудың тиімділігін талдау.

11. Терең оқыту технологияларын қолдана отырып, ерекше тілдік құрылымдарды аудару.

12. Қазақ тілі үшін оқытылатын машиналық аударма модельдерін әзірлеу және қолдану.

13. Аудармашыларды даярлаудың білім беру бағдарламаларына жасанды интеллектті интеграциялаудың мәселелері мен перспективалары.

14. Заң құжаттарын аудару үшін жасанды интеллектті қолдану.

15. Машиналық аударма және деректерді қорғау: құпиялылық мәселелері.

16. Жасанды интеллект жүйелерін қолдана отырып, эмоционалды бояулы мәтіндерді аудару.

17. Ақпараттық технологиялар саласындағы терминдерді ЖИ көмегімен аудару ерекшеліктері.

18. Машиналық аударма сапасын жақсарту үшін табиғи тілді өңдеу (NLP) технологияларын қолдану.

19. Мультимодальды мәтіндерді аударудағы жасанды интеллекттің рөлі.

20. Аударма қызметінде жасанды интеллектті қолданудың этикасы.

21. Жаһандану жағдайында аудармашылар мен ЖИ жүйелерінің бәсекеге қабілеттілігін талдау.

22. Машиналық аударма технологияларын аударма жобаларын басқару жүйелеріне интеграциялаудың ерекшеліктері.

23. Жасанды интеллект көмегімен фильмдер мен сериалдарды аудару перспективалары.

24. Гибридті аударма модельдерінің тиімділігін зерттеу: ЖИ мен кәсіби аударманың үйлесімі.

25. Нақты уақытта автоматты аударма үшін сөйлеуді тану технологияларын қолдану.

Қосымша 2

А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты
Шет тілдері және аударма ісі кафедрасы

«Бекітемін»

«__» _____ 20__ ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

Студент: _____
Тегі, аты, әкесінің аты

Курс, мамандық, оқу түрі

Жұмыс _____
тақырыбы:

Тапсыру мерзімі
1-тарау: _____ 20__ ж.

2-тарау: _____ 20__ ж.

Қорытынды: _____ 20__ ж.

Кафедраға тапсыру мерзімі: «__» _____ 20__ ж.

Жетекші: _____
қолы

Тапсырманы орындауға қабылдадым:

«__» _____ 20__ ж. _____
қолы

Қосымша 3

Титул парағын ресіндеу үлгісі

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім
министрілігі

А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты
Шет тілдері және аударма ісі кафедрасы

«Қорғауға жіберілсін»
Кафедра меңгерушісі: _____
«__» _____ 20__ ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: _____
«__» _____»

Білім беру бағдарламасы: 6B02307 – «Аударма ісі»

Орындаған: _____ Студенттің Т.А.Ә.

Ғылыми жетекші: _____ Т.А.Ә., атағы,
ғылыми дәрежесі

Астана 20__

26. Синхронды аудармадағы жасанды интеллекттің рөлі.

27. Аудармашыларды даярлаудың білім беру процестерінде жасанды интеллектті қолдану перспективалары.

28. Машиналық аударма жүйелерін қолдана отырып, поэзияны аудару сапасын талдау.

29. Жасанды интеллекттің аудармашының кәсіби құзыреттіліктеріне әсері.

30. Медициналық зерттеулерге арналған мәтіндерді аударуда машиналық аударманы қолдану.

ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша 1

А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Шет тілдері және аударма ісі кафедрасы

Дипломдық жұмысты орындаудың жоспар-кестесі

Тақырып: _____

Студент: _____

Ғылыми жетекші: _____

№	Мазмұны	Орындау мерзімі	Орындалғаны туралы белгі
1	Таңдалған тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді зерттеу		
2	Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-теориялық материалдарды жинау		
3	Негізгі библиографиялық дереккөздер тізімін ұсыну		
4	Теориялық материалдарды қорытындылау, жүйелеу және сыни талдау		
5	Нақты тілдік материалды жинау		
6	Дипломдық жұмыстың түпкілікті жоспар-құрылымын құрастыру		
7	Зерттеу әдістерін таңдау және анықтау		
8	Практикалық материалды теориямен байланыстыра өңдеу		
9	Жұмыстың жобалық нұсқасын ұсыну		
10	Жұмыстың түпкілікті нұсқасын ұсыну		

Бекітілді: « _____ » _____

Шет тілдері және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі: _____